

# І ТУЫ

КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

июль Жексенбі

жеке саны 20 тығын,  
Шығуына 33 жыл

Бүгін коммунизм құрылыстарының тұңғышы —  
Еділ—Дон кеме қатынасы каналы ашылады.  
Коммунизмнің сәулетшісі ұлы СТАЛИННІҢ  
даңқы арта берсін!

## истрінің

Москва қаласы

техниктер, әуе  
авиация өнер-  
ер мен генералдар!  
Одағының Әуе

авиация өнер-  
авиация қуатын

—Москвада және  
иллерия атылып,

н!

рушысы —Ленин

асшымыз Сталин

ЛЕВСКИЙ

идәулі ш

## Коммунизмнің ұлы құрылыстары — бүкілхалықтық іс ★ Творчестволық еңбектің салтанаты ★

Бейбіт еңбек майданындағы үздік же-  
ніс —В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон  
кеме қатынасы каналының салынып бо-  
лып, пайдалануға берілуін қазақ ССР ең-  
бекшілері бүкіл совет халқымен бірге зор  
қуанышпен мерекелеуде. Бұрын болып  
көрмеген қысқа мерзімде жүзеге асырыл-  
ған коммунизмнің тұңғыш ұлы құрылысы  
совет адамдарының игілікті творчество-  
лық еңбегінің шын мәнісіндегі салтанаты,  
елімізде коммунизмнің материалдық-техни-  
калық базасын жасаудың Сталиндік да-  
нышпандық жоспарын жүзеге асыруда ал-  
ға басқан зор қадам болып табылады.

Қазақстан еңбекшілері коммунизмнің  
ұлы құрылыстарының тұңғышын салуға  
өзінің еңбегімен үлес қосты. Теміртаудың  
Балқаштың, Ақтөбенің металлургия, Ем-  
бінің мұнайшылары, Қарағандының шах-  
терлері, Алматының, Шымкенттің, Макин-  
каның, Оралдың машина және аспап жә-  
саушылары құрметті заказдарды орындай  
отырып, «Волгодонстройға» машина жа-  
сайтын металл, жанар май, бұрғылау ас-  
паптарын, конвейер-транспорттерлер, дис-  
петчерлік байланыстың селектор аппарат-

Қазақ ССР Министрлер Советінің  
Председателі

Е. В. ТАЙБЕКОВ жолойспен әңгіме

Еділ—Дон Қазақстанның құрылысы  
және механизатор кадрдарын даярлаудың  
тамаша мектебі болды. Қызылорданың экс-  
каваторшылары, Өскеменнің электросвар-  
щиктері, республиканың плотиналар, қан-  
налдар, су қоймаларын жасаушы құры-  
лысшылары Еділ—Дон құрылысшылары-  
нан өнер үйренді.

Кәзіргі уақытта, коммунизмнің жаңа  
ұлы құрылысы басталып, Еділдің сол  
жақ жағалауында кәзіргі өзінде жүзде-  
ген мың текшеметр топырақ шығарылған  
кезде, ұлы орыс өзені — Еділдің суын  
Жайыққа қарай ағызатын каналда Еділ—  
Дон құрылысшыларының мол тәжірибесін  
пайдаланудың ерекше бағалы маңызы бар.  
Сондықтан да Еділ—Дон құрылысының  
жер снарядтарын, қуатты экскаваторла-  
рын, бульдозерлерін, жүкті өзі түйсіретін  
автомашиналарын, Еділ мен Дон аралы-  
ғында өзенінің мұнайн, балық

қартылады. Қазақ ССР-нің мұнай, балық  
өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығының  
өнімін еліміздің өнеркәсіпті орталықтары-  
на шығаруға жаңа мүмкіншіліктер туады.  
Қазақстанға еліміздің оңтүстігінің өнеркә-  
сіп өнімін үздіксіз әкеліп тұруға кең  
жол ашылады.

Еділ—Дон магистральді каналының құ-  
рылысын аяқтау, солтүстік Каспи аудан-  
ның суару және суландыру республика-  
мыздың алдында одан да тамаша мүмкін-  
діктер тудырады.

Қазақ халқының ежелгі арманы орын-  
далады. Еділ суы мен Сталинград электр  
станциясының электр қуаты кең байтақ  
өлкені жандандырып, оның өндіргіш күште-  
рін тез дамытуға мүмкіндік береді. Кәзір-  
гі құм басқан қуаң және шөлейт далалар-  
да колхоздар мен совхоздардың алтын би-  
дай, күріш, мақта, қант қызылшасының  
егісі жайқалады, ормандар, бау-бақшалар,  
жүзімдіктер өсіріледі, жаңа қалалар мен  
поселкелер орнайды.

Кәзір әрбір қазақстандық ерекше назар

## „Иосиф Сталин“ теплоходы Сталинградқа келді

СТАЛИНГРАД, 25 июль. (СОТА). Бүгін  
кепіке Сталинградтың өзендік жаңа вок-  
залына Москвадан келе жатқан «Иосиф  
Сталин» теплоходы келді.

Мыңдаған сталинградтықтар теплохол-  
тағы жолаушыларды қызу қарсы алды.  
Олар 27 июльде В. И. Ленин атындағы  
Еділ—Дон кеме қатынасы каналында жо-  
лаушылардың үздіксіз жол жүріп тұруын  
апады.

## ЕДІЛ-ДОН КАНАЛЫНЫҢ АШЫЛУЫ ҚҰРМЕТІНДЕГІ СТАХАНОВТЫҚ ВАХТА

ХАРЬКОВ, 25 июль. (СОТА). Харьков-  
тың мыңдаған машина жасаушылары  
В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қа-  
тынасы каналының ашылуы құрметіндегі  
стахановтық вахтаны алға апаруда.

«Сетьман» заводының коллективі қала  
да бірінші болып Еділ—Донға арналған  
барлық тапсырыстарды ойдағыдай орын-  
дады. Кәзір заводта сталиндік басқа құ-  
рылыстардың жаңа заказдары орындалу-



алдындағы бірінші парыз — астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Бұл — жергілікті партия, совет ұйымдарының, колхоз басшылары мен бастауыш партия ұйымдарының колхозшы бұқараны мемлекет мүддесі жолындағы күреске жанпай жұмылдыра білгендігінің және егін жыйнау мен астық дайындаудың алдынала жасалған жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілуінің нәтижесі.

Мәселен, Петропавл ауданының Сталин атындағы колхозында егін жыйнауды қысқа мерзімде өткізуге бағытталып барлық күш- мүмкіншілік есепке алынды, оларды орынды орнына пайдалану қарастырылды. Комбайннан алынған барлық астық егіс бригадасына келісімен сол күні тазартылып, дайындау орындарына жөнелтіліп жатты. Ал, егін орындарына жөнелтіліп жатты. Ал, егін орындарына жөнелтіліп жатты. Ал, егін орындарына жөнелтіліп жатты.

Сол сияқты, колхоздың егін жыйнау мен астық дайындаудың жұмыс жоспарында астық тазартуды, сабан жыйнауды және басқа жұмыстарды кеңінен механикаландыру қарастырылды. Жоспарда әрбір колхозшының қандай жұмыс атқаратындығы және әрбір бригадалағы жұмыс мөлшері алдынала анықталды.

Колхоздың, МТС-тің, совхоздың егін жыйнау мен астық дайындау кезіндегі жұмыс жоспарын жасау жеңіл-желпі іс емес. Бұл дәлме- дәлдікті, анықтылықты барлық есептің дұрыс болуын талап етеді. Бұл — жұмыс жоспарын жасауға

астық ысырабына қарсы күрес программасы. Әңгіме, жоспарда әрбір участоктің уақытылы жыйналуын қарастыру, дөңің сабақта көп тұрып құйылуына жол бермеу, қысқасы, егін жыйнау мерзімін қысқартарлықтай шаралар белгілеу жөнінде болып отыр.

Жұмыс жоспары — егін жыйнау мен астық дайындауды және басқа да жұмыстарды дұрыс ұйымдастырудың қуатты құралы. Сондықтан егіс және трактор бригадаларының бригадирлері жоспарды жасауға қатыса отырып, колхозшылардың жұмыс участоктеріне дұрыс тарайындалуына жетісетін болуы керек. Бұл жерде егін жыйнау мен астық дайындаудың қызу күндерінде колхозшылардың және совхоз жұмысшыларының бір жұмыстан екінші жұмысқа ауыстырыла беруіне жол берілмеуі жөнінде әңгіме болып отыр.

Егін жыйнау мен астық дайындаудың жұмыс жоспарын комбайншылар, тракторшылар, бригадирлер мен колхозшылар бұлжытпай орындауға тиіс. Демек, жұмыс мөлшерін және күнделікті тапсырманы әрбір механизатор мен колхозшының мінсіз орындап отыруы, көбінесе, осыған байланысты.

Барлық колхоздар мен совхоздарда және МТС-терде егін жыйнау мен астық дайындаудың жұмыс жоспарын дұрыс жасау — егін жыйнауға әзірліктегі маңызды мәселе. Бұл жергілікті партия және совет ұйымдарынан, ауылшаруашылық орындарынан күнбе- күн көңіл бөлуді және колхозшылар бұқарасына жұмыс жоспарын жасау жөнінде қолма- қол көмек көрсетуді талап етеді.

## Жабайы өсетін жемшөптердің ұрығын жыйнау

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Жамбыл ауданының колхозшылары жабайы өсетін жемшөптердің ұрығын жыйнауға кірісті. Сталин атындағы ауылшаруашылық артелинің жерінен қойгөденің, еркектің, бидайықтың тағы басқа шөптердің бітік өскен жері табылды. Жабайы шөптердің тұқы-

мын жыйнауға күн сайын Гродиковск орта мектебінің көптеген мичуриншілері қатысады. Люба Панасюктің, Ваня Колесниковтың, Маруся Аляеваның пионер дружиналары кеше қоймаға жабайы өсетін жемшөптердің алғашқы ондаған килограмм тұқымын тапсырды.

тырды. Көп ізденді, комбинаттары жағдайға шолу жасады. Иван Андреевич автомат цехында резина насостарын жинауды ұйымдастырды. Оның тазған винтерін өзгертіп, қайтадан жасады. Комбинат резина насостарын өздері жасайтын болды. Бұл комбинатқа 25 мың сом пайдасын келтірді.

Бұл Иван Андреевичтің бірінші ұсынысы емес еді, ол мұндай ұсыныстың 18 жасады. Осы ұсыныс, оның өндіріске енгізілуі арқасында комбинат жылына он мыңдаған сом қаржы үнемдеп отырады. Өткен жылдың өзінде комбинат Иван Андреевичтің ұсынысы бойынша 60 мың сом қаржы үнемдеді.

Г. СЕМЕНОВ.

Қонысбаев жолдас. Ол шөп маялауда оүкіл колхоз бойынша үздік пішкенші. Пішкенші Б. Жоламанова, К. Касенова, К. Мақышова және басқалары шөп маялауда норманы үнемі артық орындап жүрсе, олар Қонысбаев жолдасан үлгі алғандар, оның қарқынына ілесіп білгендер. Колхоз малшылары соңғы бес күннің ішінде мал қыстаулары жанына 1000 центнер шөпті тасып үйді.

Көзір колхозда жаппай егін жыйнау маусымы басталғанға дейін қоғамдық мал шаруашылығы үшін кемінде біржарым жылдық жемшөп қорын жасау жолындағы жарыс кеңінен өріс алды.


Б. НЕКІБАЕВ,

Колхоз партия ұйымының секретары.

Социалистік бригада мүшесінің арқасында бригадасы жоңдап, жеңіске жолдастың ба жоспарды 114 шы бригадала

Сонымен қатар мастери Дроздылықпен еңб

«Пищевик» дық жоспарды Күніне орында ресуде.



В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатысу кәсіпорнының су толтырылған камерасының жалпы көрінісі және шлюзге келуі.



## ЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

академик И. П. Бардинмен әңгіме)

га түсетін  
латын жа-  
ған гектар  
үшін, су  
бьмастыру  
ерек болды.

рылыстары-  
шелігі кан-  
са, оған:  
ап беруге

ексіз ұзақ  
іс. Сондық-  
дану, ме-  
ері үшін

мәселесін  
тін советтік  
лығы онан

ің экономи-  
зеңінде ха-  
н жолдас  
ғы бесжыл-

сін жылына  
ндірісін 60  
рісін 500  
ндірісін 60

детінің қал-  
үсінікті. Мә-  
ейлінше ұл-

ндетті орын-  
мір рудасын  
ғы қорыту-  
ң бәрін өң-

кізу керек.  
а каналының  
орасан зор

еркәсіп пен  
луан өнімде-  
ін және тү-  
қолайлы жә-  
қамтамасыз  
тарға су жо-  
аудандары-

дырақты ауданның облыстарында орна-  
ластырылған еліміздің қант өнеркәсібінің  
географиялық орнын едәуір өзгертеді.  
Еділ -Дон аймағында суармалы мақпа  
шаруашылығының жаңа зор базасы жа-  
салады.

Еділ —Каспий ауданында консерв.  
өсімдік майын шығару өндірісі және та-  
мақ өнеркәсібінің басқа салалары мықтап  
күшейтіледі.

Ғалымдардың бөлесіні қатысуымен Еділ  
—Дон жағалауында бірнеше мың гек-  
тар орман өсіріледі. Таяудағы жылдар  
да мұнда 20 миллиондай ағаш отырғызы-  
лады. Осыған сәйкес орман өсірушілер  
мен орманшы мелиораторлардың алдына  
бірнеше метр тереңдіктен қазылып, жағ-  
ға шығарылған сортаң топыраққа арзш  
егіп, канал бойын тез арада орманданды-  
руға байланысты күрделі міндеттер қо-  
йылады.

Еділ —Дон кеме қатынасы каналы —  
табиғатты өзгертудің сталиндік жоспа-  
рын жүзеге асырудағы маңызды кезеп.  
Совет ғалымдары бүкіл халқымызбен бірге  
бұл жоспарды жүзеге асыру жолында  
күшті жігермен еңбек етуде. Ленин —  
Сталин партиясының күнбе-күнгі қамқор-  
лығы арқасында озат советтік ғылым  
өзінің өркендеуінің барысында бұл мін-  
деттерді ойдағыдай орындауға әзірленге-  
нін біз мақтанш сезіммен айта аламыз.

Еділдің, Донның, Қырымның су электр  
станциялары, жер суару және суландыру  
жүйелері базасында ССРО-ның европалық  
бөлегінің оңтүстік -шығыс жағының ха-  
лық шаруашылығын комплексті жолмен  
өркендетудің ғылыми негіздерін белгілеу  
кәзіргі уақытта ССРО ғылым академия-  
сының, оның өндіргіш күштері зерттеу  
советінің басты міндеттерінің бірі болып  
табылады. Зерттелетін жердің табиғат

Сәбит МҰҚАНОВ.

## Е Д І Л — Д О Н

(Орыс қызы Гретаға)

Екі өзен. —Еділ, Донға  
Мәңгі берік салып қоныс,  
Арасында құба жонға  
Ойлай қарап тұрды орыс.

Алыс жерді жақындатар  
Секілденіп дүрбі- шыны,  
Шартарапты шолды қатар  
Көгілдір түс қарашығы.

Көрген шақта шолып түгел  
Ата мекен бай қонысты,  
Армандай бір жаңа жігер  
Вилеп алып кетті орысты:

«Кең Отанның түн бетінде  
Жасыл шалғын, қалың орман!...  
Сондай байлық күн бетінде  
Неге өспейді, Еділ, Доннан?!

Ғасырларға жарыс сала  
Екі өзен жатыр ағып,  
Шөлдіркеген мынау дала  
Неге ішпейді одан қанып?

Неге, мынау аңыз-ғақ жел  
Тынбай есіп басынады?  
Бұны бөгеп туып ерлер  
Қашан көніп бас—ұрады?!

Еділ, Донның суындай боп  
Ғасырларға ақты осы арман,  
Қуаты өсе, шымырлай кеп,  
Тыянағын тапты осы арман.

Арнасы кең, түбі терең,  
Бірі Азов, бірі Ақтеңіз  
Секілденіп екі өзен  
Ұлы Отанда туды егіз.

Ленин туды, бар тарихтың  
Тоғысқан кеп түйініндей,  
Туды Сталин, бар халықтың  
Бейне Эверес — биігіндей.

Жегілерді, елдің сұрын  
Кетіретін, қанын сорып,  
Жойдыдағы, ашып сырын  
Табиғатқа тартты жорық.

Жентектеле араласып,  
Бір дене боп темірмен тас,  
Еділ, Донға қойнын ашып  
Кең арна боп кетті тұтас.

Кең арнамен келген ағып  
Қымбат суға сілтеп бір із,  
Алдын бөгей тұрды бағып,  
Тармақтанған талай шлюз.

Кең даланы жатқан жайпақ,  
Қандыра мол емізуге,  
Қалды орнап, ұлан- байтақ  
Цимлян теңізі де.

Шөлі қанған кең өлкеге  
Өсімдіктер өнсе андыздап,  
Кешке, күндіз яки ерте  
Есе алмайды енді аңызғақ.

Енді шөлдеп көрші, дала!  
Енді өспей көрші, орман!  
Теңіз —егін толқындана  
Көрші өспей, ылдый жоннан!...

Мал оттайтын мейрі қана,  
Кәне өспей көрші, шалғын!  
Неткен сұлу болдың дала!  
Неткен жарқын еді, алдың!

Жарқын бейне секілденіп,  
Нұрлы жүзі таңдай ата,  
Кең каналға бетін беріп  
Жас инженер тұр Грета.

Сымбат, көрікі, мінезі де  
Бір-біріне жарасады,  
Жыйналыпты бір өзіне  
Елдің бүкіл болашағы.

Көркем канал тұлғасынан  
Отты көзін қыя бұрмай,  
Асты ойы сан ғасырдан,  
Орыстың бай қыялындай.

Алыс жерді жақындатар  
Секілденіп дүрбі— шыны,  
Шартарапты шолды қатар  
Көгілдір түс қарашығы.

## Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС  
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 25 июль. (СОТА). Корея  
Халық-Демократиялық Республикасы. Ха-  
лық армиясының Бас командованиесі бүгін  
Халық армиясы әскерлерінің барлық май-  
дандарда қытай халық еріктілері болмде-  
рімен тығыз бірлесе қыймыл жасай оты-  
рып, американо-ағылшын интервенттері мен  
лисыманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс  
ұрыстарын жүргізуде бірландығын, олар-  
ды адам күші мен техника жағынан шы-  
ғындарға ұшыратқандығын хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлім-  
дері және жау самолеттерін аңдып атушы  
лар отрядтары Корея Халық-Демократия-  
лық Республикасының тылдағы ауданда-  
рын бомбалауға және пулеметтен атқылау  
ға қатысқан дүшпанның 6 самолетін атып  
түсірді және 5 самолетін зияндады.

### ИРАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ТЕГЕРАН, 25 июль. (СОТА). 23 июль-  
де Тегеранның студенттері мен оқушылары  
21 июльде қаза тапқандарды еске түсіру-  
ге арнап қаланың орталық Тупхан алаңын  
да үлкен қаралы митингі өткізді.

«Деж» газетінің атап көрсеткеніндей,  
бұл митингіде бірауыздан қарар қабылдн  
ған, ол қарарда шах сарайының, сол сыяқ-  
ты, қара реакцияның Ираннан барлық  
американдық әскері және қатардағы ке-  
неспілерді қуу жөніндегі елдің ішкі істері  
не араласуды тоқтатуды талап етіледі.

Сол сыяқты, қарар құпия және құпия  
емес соғыс келісімдерінің барлығын жою-  
ды, 21 июльде жаппай қырғынға ұшырат-  
қан үшін айыптыларды жазалауды және  
барлық саяси тұтқындарды міндетті түр-  
де босатуды талап етеді.

ФРАНЦУЗ ХАЛҚЫНЫҢ ТАЛАБЫ  
БОЙЫНША



комплекті әдіспен пайдалануға негізделген. Бұл талаптардың бәріне сай келетін коммунизмнің ұлы құрылысы — Еділ — Дон каналы халық шаруашылығы үшін орасан зор маңызы бар міндетті — шикі зат қорларын өндіріске жақындатудың аса маңызды халықшаруашылық міндетін орындайды.

Коммунизм ұлы құрылыстарын жүзеге асыруға байланысты металлургияның ролі, халық шаруашылығының металды

салаларына керекті машиналар мен механизмдердің ең жаңа түрлерін шығаратын машина жасау өндірісі мықтап күшейтіледі.

Суармалы егіншілік ұйымдастыру Еділ бойының елімізге астық берудегі ролін арттырып, бұл өлкеде қант қызылшасын өсіретін және қант жасайтын жаңа аудандарға құруға мүмкіндік тұрғызады. Еділ ауданында қант өдірісін күшейту көбінесе Украинада және Орталық қара то-

коммунистік қоғамның жоғарғы фаза-сын сыпаттай келіп, Карл Маркс адамдардың барлық жағынан өркендеуімен бірге өндіріш күштер, қоғамдық байлықтар барлық қайнар булақтары шалқып аққанда ғана қоғам өзінің туына: «әр кімнің қолынан келгеніне қарай, бергіне қарай» деп жаза алатынын айтқан болатын.

Біздің еліміз осы бағытта болашаққа қарай, коммунизмге қарай алып адыммен алға басып келеді.

Бұрынғы күш емес, оұл күш. Зор каналға ашатын жол, Экскаватор адымдағыш!..

Оның аршын адымдары, Алшандаса алдын ұтып, Жер сорғыштың снаряды Сазды қылғый жатты жұтып.

Күн- түн демей жүйткіп ылғый Жалпақ табан бульдозерлар, Бойын теңеп өр мен ылдый, Тегістеліп қалды орлар.

Сондықтан да Кем соқпайды Соққан жүрек Шақырады Еділ Құрылысқа, — Азық болар та Уа, Грета, кана Еділ менен қос Сол ерлікті біз Жариялаймыз т Алматы қаласы

## Библиография

# ТАРИХИ РОМАН

Халық батыры Степан Разин бастаған атақты шаруалар көтерілісі болып өткеннен бері үш ғасырға жуық уақыт өтті. Осы ұзақ дәуір бойына халқымыз еңбекші бұқараны халық мүддесі үшін, жер үшін, бақыт үшін боярларға қарсы көтерген талапты, әрі батыл казак Степан Разинді қасиеттен есте сақтап келді.

Халық өзінің сарғайып күткен бостандықты, азаттықты көксеген, бақытты көксеген ежелгі арманын Степан Разиннің есімімен тығыз байланыстырды, ол жайында мәңгі ұмытылмас нелер тамаша жырлар шығарды, көп ақын- жазушылар оған өздерінің шығармаларын арнады. Жазушы Степан Злобин осы қысқаша шолу жазылғалы отырған «Степан Разин» романын Степан Разинға, орыс халқы тарихының сол бір даңқты кезеңіне арнаған.

Социалистік реализм әдісі, Отан тарихын жете білу жазушының өте-өте құнды шығарма беруіне көмектесіп, мүмкіншілік жасады.

Роман болашақ батырдың жас шағын көрсетуден басталады. Шығарманың алғашқы тарауларының өзінде сергек, қатал жас-өспірімді көресіз. Ол өзінің туған өлкесін, оның бай табиғатын шын жүректен сүйеді, халық мүддесі үшін та-

лай рет жорықтарда болып, ерлік даңққа бөленген қарт казактарды ұстаз көреді.

Жас Разин өмірді әлі жете білмейді. Казактар жайлап мекендеген Дон қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған, өз алдына еркін жатқан бір өлке деп біледі, солай деп сенеді, жауынгерлік жорықтарға қатысуды арман етеді.

Дегенмен, жас казак өмір талқысын көріп, тұрмыста ащы мен тұщыны айыра бастайды. Бұл оны қатты ойландырады. Ол казактардың бәрі бірдей емес, олардың ауқаттысы және кедейі бар екенін, адалдық, шындық қарапайым халық өкілдері —кедейлердің бойына біткен адамгершілік қасиет екенін түсіне бастайды. Ол Соловкаға барар жолда Оңтүстіктен Ақ теңізге шейін орыс елін аралап, көп нәрсені көріп, біледі. Ол қадам басқан сайын басыбайлыққа дұшар болған шаруалардың ауыр, әрі аянышты тұрмысын өз көзімен көреді.

Міне, сол кездің өзінде —ақ жас Разин боярлар мен дворяндардың шаруаларға көрсеткен зәбіріннің, зорлық-зомбылығының жай куәсі болып қана қойған жоқ. Адал жүректі, парасатты, жігерлі жас халық мүддесіне беріліп, еңбекші бұқараның мұның мұндап, жоғын жоқтауға бел байлайды, оларды езуші таптан қор-

ғау жолына батыл аттанады.

Степан Разин туған станицаларда шындық пен бостандықты Буг өзенінен Жайыққа дейін казактің ерікті мемлекетін орнатқанда ғана қалпына келтіруге болады деп өсептейді. Бұл ой-мақсатын жүзеге асыру және күш жыйнау үшін Еділге және Персияға жорық жасайды. Бұл жорықтарда бұқараның ұйымдастырушысы Степан Разиннің асқар таудай зор талабы, қайтпас жігері, ақыл несі екендігі, соғыстағы шеберлігі теңіздің терең түбіндегі меруерт тастай жарқыран, айқын көрінеді.

Романда суреттелген дәуірде болған оқыйғаның мазмұнын тереңнен талдап аша келіп, жазушы орыс халқының өмірін, оның қанаушы тапқа қарсы жүргізген қаһармандық күресін нақтылы деректермен, нанымды көріністермен шебер баяндай білген. Романның халыққа арналған тараулары өте-өте сәтті шыққан, оқиғаның басталуы, шиеленісуі, одан әрі дамуы, шығарма желісінің құрылысы жағынан ең таңдаулы көріністерінің бірінен саналады.

Халық өкілдері Василий Ус, Иван Черноярца, Михаил Харитонов, Федор Сукнин тағы басқалар, олардың халыққа істеген қызметі өте жақсы көрсетілген.

Степан Разин олардың берген ақыл-көңесіне зер сала құлақ қойып, айтқан пікірімен санасады. Демек —бұл халық пікірі болатын.

Разин және шаруалар бұқарасының көрнекті көсемі Василий Ус екеуінің арасындағы достық романда өте жақсы сипатталған. Василий Устың тигізген әсері нәтижесінде Степан Разин көлемі тар ұғымнан арғылып, яғни ерікті казак мемлекеті үшін емес, барлық күшті жыйнап Россия боярларына қарсы аттану қажет екенін түсінеді.

Разин бастаған жорық табыс даңқына бөленіп отырады. Осы жеңісті жорықтар нәтижесінде Астрахань, Царицын, Черный Яр, Самара, Саратов азат етіледі. Еділ өлкесінде кең құлаш жайған шаруалар көтерілісіне қыйырдағы аудандардың халқы үн қосып, ерлік күреске шығады.

Тарихи шындықты, онжетінші ғасырдағы халық тұрмысын дұрыс баяндап, Степан Разин сыяқты халық батырының образын жасаумен қатар, жазушы Разин бастаған шаруалар қозғалысының осал жағын да дәлме-дәл көрсете білген. Шығармада қозғалыстың ұйымдаспағанын, стихиялы түрде жүргізілгендігін және оның шын мәнін алып қарағанда «патшашылдық яғни жақсы патша үшін боярлар мен дворяндарға қарсы бағытталғандығын сипаттайтын көркем образдар, суреттемелер де бар.

Разин бастаған шаруалар көтерілісіне байланысты аса маңызды мәселелерді марксистік- лениндік ілім тұрғысынан қарап, дұрыс шешу жөнінен бұл жаңа,

күрделі роман Ст бұған дейін жазғалардан әлде қай

Кітап оқушы кейбір пікір айту ден, бұл шығарма да кемшіліктер амайды. Халық ба ролін жазушы та рыс суреттей біл оған бұдан да к болса, жазушы а дайда болар еді. руымызша, шыға Петух және басқ кезектегі кейі орын берілген е

Алайда, бұл с романның маңыз ды. «Степан Раз биетінің мол қаз лып қосылады. шысының кесек замандағы тарихи раздар арқылы д ның тілі жеңіл, сөздері, ғахлия

Степан Злобин вет жазушылары хи шығармалард үкметіміз бұл ш лап, быйыл жас дәрежелі Сталин,

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, ред партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табы